

**Ақтөбе қаласындағы №45 «Алтын бала» бөбекжайының
музыка жетекшісі Әлжанова Анаргүл Әбілқайырқызының
«Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық тәрбие беру»
тақырыбындағы әдістемелік құралына
ПІКІР**

Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық тәрбие – талғамдық, эстетикалық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып табылады. Музыка өнері жеке тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Ұсынылып отырған әдістемелік құралда музыка өнері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие берудің әдіс-тәсілдері қарастырылған. Әдістемелік оқу-құрал мектепке дейінгі музыка жетекшілеріне арналады.

Әдістемелік құралдың мақсаты: балалардың ұлттық көне музыкалық аспаптар жайлы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, халқымыздың қымбат мұрасы мен асыл қазынасы қазақтың ұлттық аспаптары жайында танымын кеңейту. Кіші топтарда балалардың ұрмалы және сілкімелі аспаптар: дауылпаз, шылдырмақ, тоқылдақ, қоңырау, сақпан, дабыл аспаптарында ойнау қабілетін қалыптастыру. Ересек және мектепке дейінгі даярлық топтарда ұрмалы және үрмелі аспаптардың түрлерін меңгерту, аталған аспаптарда орындау шеберлігін қалыптастыру. Әдістемелік құрал мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық мәдени білімдерін тереңдетуге, шығармашылығын дамытуға мақсатталған.

Әдістемелік құралда ұлттық музыкалық аспаптар туралы мағұлматтар балалардың жас ерекшеліктеріне сай ықшамдалып берілген. Бөлімдерде мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілетін қалыптастыруда оқу-тәрбие үрдісінде сирек қолданылатын және мүлдем қолданылмайтын қазақтың ұлттық саз аспаптары жайлы деректер ұсынылған.

Музыка жетекшісі Әлжанова А.Ә. дидактикалық материалдарын орынды пайдалана отырып, бүгінгі эстетикалық тәрбие беру деңгейіндегі талаптарға сай келетін өзіндік тұжырымдар ұсынуға ұмтылыс жасаған. Бұл еңбектің тақырыбы толық ашылып, тұжырымды байлам жасалып, ғылыми нәтиже шығарылып, толық әрі нақты қорытындыланған.

Тұтастай алғанда, музыка жетекшісінің тәжірибесінен сараланып, жоғары деңгейде орындалған жинақы аяқталған әдістемелік құрал қойылған талаптарға сай және баспаға ұсынуға лайық.

Пікір



**«Баишев Университеті»
Нұржанова М.Н., Баишев Университетінің
доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
ҚБҚЖОЖ департамент**

№45 «АЛЫН БАЛА» БӨБЕКЖАЙЫ

«ДОМБЫРАШЫ БОЛАМЫН»

электрондық орта



МУЗЫКА ЖЕТЕКШІСІ

Әлжанова Анарүл Әбілқайырқызы

**«Ақтөбе қаласындағы №45 «Алтын бала» бөбекжайының
музыка жетекшісі Әлжанова Анаргүл Әбілқайырқызының
«Домбырашы боламын» тақырыбындағы электронды ортасына
ПІКІР**

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алғашқы буыны болып табылатын мектепке дейінгі кезеңде балалардың музыкалық қабілетін жан- ақты дамыту және тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілуде, себебі осы кезеңде балалардың музыкалық қабілетін дамыту мүмкіндіктері мол. Балалардың толыққанды музыкалық тәрбиесін қарапайым музыкалық түсініктерді қалыптастырудан бастау қажет.

Мектепке дейінгі балаларға қазақ халқының бай мұралары, соның ішінде ғажайып әндері мен күйлерін, ата-бабамыздан келе жатқан көне ұлттық музыкалық аспаптар туралы кеңінен мағұлмат бере отырып, бала бойына сіңіре білу музыка жетекшісінің басты міндеттерінің бірі.

Бұл электрондық орта мектепке дейінгі балалардың музыкаға қызығушылығын арттыруға, жан-жақты дамуы үшін әр түрлі дамыту ойындарын пайдалана отырып, оларды жана білімге қызығушылықтарын оятуға бағытталған. Ұсынылған материал «Домбыра үйрету арқылы эстетикалық тәрбие беру», «Нағыз қазақ-домбыра», «Домбыраға байланысты жұмбақтар», "Домбыраның тарихы», «Домбыраның түрлері» т.б. тақырыптардан құралған. Қызықты материалдар балаларға ақпаратты тез және жақсы есте сақтауға көмектеседі.

Электронды орта бағдарлама талаптарына сәйкес, тұлғаның жан-жақты дамуына, кемелдікке келу кезеңдерін талдауға, оның келешектегі көркемдік көкжиегін кеңейту жолдарын қарастыруға өз септігін тигізетін мақсатын жан-жақты аша білген. Балаларды ұлттық аспаптарға баулу тақырыбы толық ашылып, тұжырымды байлам жасалып, ғылыми нәтиже шығарылып, толық әрі нақты қорытындыланған. Дидактикалық материалдарды орынды пайдалана отырып, бүгінгі заман талаптарына сай келетін өзіндік тұжырымдар ұсынуға ұмтылыс жасалған.

Электронды орта қорытындысы мен келтірілген тұжырымдары нақты. Тұтастай алғанда, музыка жетекшісі Әлжанова А.Ә. балалардың толыққанды музыкалық тәрбиесін қарапайым музыкалық түсініктерді қалыптастырудан бастау қажеттігін мегзейді, жинақы аяқталған дидактикалық еңбек қойылған талаптарға сай келеді.

Пікір беруші:



Максатова Д.М., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің филология және мәдениетаралық коммуникациялар кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН

Қазп. білімнің бастығы _____

_____ 20__ ж.

№45 "Алтын бала" бөбекжайы



Әлжанова Анаргүл Әбілқайырқызы
Мектепке дейінгі жастағы балаларға
музыкалық тәрбие беру

Оқу-әдістемелік құрал



Астана 2020 ж.